ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 22 (1532)
10 маусым
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

МАҢЫЗДЫ КЕҢЕС

29 мамырда Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің президенттері қол қойған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт бүгінгі таңда әрбір ұжымның күн тәртібінде қызу талқылануда. Осы орайда осыдан 20 жыл бұрын Елбасы көтерген бастама – Еуразиялық интеграция идеясы, оның ел дамуындағы перспективалары кешегі ҚазҰУ Ғылыми кеңесі мен ректорат отырысына арқау болды. Еуразиялық экономикалық одақтың ұстанымдары туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Тұрарбек Асанов хабарлама жасады.

Тұрарбек Мәжілұлы, ең алдымен, құрылған бірліктің экономикалық одақ екендігін, мүше-мемлекеттердің тәуелсіздігі мен еркіндігіне, ұлттық ерекшеліктеріне еш қатысы жоқтығын атап өтті. Ол экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған одақтың ел дамуындағы маңызына тоқталды. Елбасы шартқа қол қою барысында тек соңғы бес жылда Қазақстанның Кеден одағына қатысушы елдермен арадағы тауар айналымы 88 пайызға өсіп, 24 млрд. долларлық мөлшерге жеткендігін тілге тиек еткен болатын. Мәжіліс депутаты Еуразиялық экономикалық одақтың басты мақсаты – бірыңғай нарық құру дей келе, серіктес мемлекеттер арасындағы тауарайналым, экспорт жағдайын кеңінен сөз етті.

Жиын барысында университет оқытушы-профессорлар қауымы өз ойларын ортаға салды. Журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы мерейтойлық онкүндік аясында университетте болған бірқатар белгілі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің осы мәселені көтеріп, өз ойларымен бөлісіп, көпшілікті толғандырған сауалдарға жауап бергендігін тілге тиек етті. «Ел көшін бастаған азаматтың бастамасын біз 170 млн. халқы бар 3 жұрттың өзара қатынасында экономиканың жақсаруы деп түсінеміз. Ел дамуына игі әсер ететініне сенемізі», – деді ол. География және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Виталий Сальников соңғы жылдары еліміз зор жетістіктерге қол жеткізгендігін айтты. «Біз көптеген көрсеткіштер бойынша Қазақстан алға шыққанын көріп отырмыз. Мен де Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт төңірегінде көп ойландым. Алғашында қиындықтар болары даусыз. Бірақ стратегиялық тұрғыдан алсақ, өте дұрыс деп есептеймін. Одақ білім беру саласына да көп жаңашылдық әкеледі деп ойлаймын», – деді декан. Талқылауды түйіндей келе Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы университет ұжымы түсіндіру жұмыстарын жалғастыратынын жеткізді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

«Хабар» оқу аудиториясының электронды мұрағаты ашылды

Университеттің 80 жылдық мерейтойы күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Хабар»Агенттігі» АҚ арасында ынтымақтастық Меморандумына қол қойылды.

Бұл келісім алдағы уақыттарда ҚазҰУ журналистика факультеті мен «Хабар» Агенттігі арасындағы шығармашылық және өндірістік тәжірибе алмасу бағытында іске асатын болады. Студенттерге «Хабар» Агенттігінің телеарналарында және студияларында оқу және өндірістік тәжірибеден өту, сондай-ақ телевизиялық бағдарламаларды өндірудің жаңа технологияларын меңгеру үшін жағдайлар қарастырылған.

Меморандумға қол қою салтанатынан кейін «Хабар» телеарнасы хабарлар өндіру дирекциясының Бас продюсері Ринат Кертаевтың журналистика факультетінің студенттеріне арналған шеберлік-сыныбы және де оқу дәрісханасында «Хабар» Агенттігінің электронды мұрағатының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталмыш оқу орнында алдағы оқу жылынан бастап мұндай кездесулер тұрақты түрде, дөңгелек үстел және тренингтер жүзінде өткізіліп тұру жоспарлануда.

2010 жылы ҚазҰУ журналистика факультетінде «Хабар» Агенттігінің 10 жылдығын салтанатты түрде атап өту барысында «Хабар» оқу-дәрісханасы ашылған еді. Бұл іс-шараны өткізу барысында 2010-2013 жылдарға арналған екіжақты серіктестік Меморандумына қол қойылған болатын. Серіктестік нәтижесінде журналистика факультетінің студенттері «Хабар» телеарнасында өндірістік-оқу тәжірибесінен өтіп қана қоймай, эфирге шығатын сериалдар мен ток-шоу бағдарламардың шығармашылық жұмыстарымен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен өткен «XXI ғасырдағы филология ғылымы: мәселелері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми форум өтіп, онда қазіргі заманғы әлемдік филология ілімінің өзекті мәселелері, ұлттық әдебиеттану және тіл білімі саласындағы жаңашыл ізденістер, ғылыми аспектілер, әдеби-мәдени мұраға жаңаша көзқарас мәселелері сараланып, жиынға қатысушы ғалымдар тарапынан қызу талқыға түсті. Әсіресе, ұлттық әдебиеттану ғылымының бағыт-бағдары, әдебиет тарихындағы ақтаңдақтар, Абайтанудағы жаңа ізденістер, көркем мәтінді талдау принциптері және т.б. мәселелер жан-жақты сөз болып, бүгінгі таңда атқарылып жатқан кешенді зерттеулердің концепциялары талданды. Ауқымы кең форумның аясында тіл білімінің үшінші мыңжылдықтар тоғысындағы санқатпарлы зерттеулер бағыты да баяндамашылар назарынан тыс қалған жоқ. Ғылыми жиынды филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы, профессор Қансейіт Әбдезұлы кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

–Мұндай алқалы жиынның дер шағында өтіп отырғанын қолдаймын. Әдебиет тарихын зерделеуде еуроцентристік көзқарастарға көбірек сүйенгеніміз жасырын емес. Тағы бір назарда ұстайтын жайт, әдебиеттегі көкейкесті мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыратын, саралайтын мезгіл жетті. Кезінде көптеген кітап кеңестік идеология үстемдік еткен кезде жазылды. Қазір ұлттық мүдде тұрғысынан ойлайтын, рухани деңгейді бағамдай алатын азаматтарға сөз өнерінің болашақ ұрпақты тәрбиелеуде орасан зор маңыз атқаратынын, адамның жан-жақты қалыптасуы үшін өлшеусіз орны бар екенін дәлелдеу артық. Ендеше, бүгінгі күн тұрғысынан, яғни жаһандану жағдайындағы сөз өнерін, қаламгерлердің шығармашылық-көркемдік әлемін саралауда, жан-жақты жүйелеп қарастыруда ұлт әдебиеттанушыларының, зерттеушілерінің, әдебиетшілерінің алда атқарар міндеттері көп екені белгілі, – деп түйіндеді тұжырымын академик Тұрсынбек Кәкішұлы.

Абай институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебаев өз сөзінде Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын оқыту мен зерттеуді әдебиеттану, тіл білімі, мәдениеттану, тарих, педагогика, юриспруденция, философия, әлеуметтану, саясаттану және т.б. ғылым салаларымен бірлікте, тұтастықта, кешенді түрде қарастырып, оның теориялық және әдістемелік негіздерін жасауды қолға алып жатқанын, сондай-ақ, қазақ әдебиеті тарихының көкейкесті мәселелерін ақынның эстетикалық-философиялық, рухани-адамгершілік көзқарастары тұрғысынан саралау мен салмақтаудың қажеттігін, алдағы уақытта да Абай ілімін жаңаша тану мен танытудың тың концепциялары түзіліп, толықтырылып, зерттеудің жалғаса беретінін жеткізді.

Ал журналистика факультетінің деканы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы баяндамасында XX ғасыр бас кезіндегі тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиетте тәуелсіздік идеясының негізгі ұстанымға айналынуының алғышарттары мен тәуелсіздік идеясын бейнелеудегі көркемдік ізденістерге тоқталды. Сонымен қатар, өткен ғасыр басындағы қазақ романдарындағы тәуелсіздік идеясының көрініс табуын қарастыру әдебиетімізде бар дәстүрлердің дамуы мен жаңашылдықтың негіздерін тануға, кейінгі әдебиеттің өркендеуінің түрлі реңктерін айқындауға, бұрынғы-кейінгі әдебиеттің жетістіктерін зерделеуге мүмкіндік туғызатынын тұжырымдаса, келесі кезекте сөз алған филология ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Есембеков мәтін теориясы және әдеби компаративистика, әдеби шығарманы филологиялық талдау үдерісіне баса назар аударып, осы салада атқарылар істердің бағыт-бағдарын айқындауға мән берді. Әл-Фарабидей ғұлама ғалымның есімін иеленіп отырған қара шаңырақ университеттің мерейлі мерейтойы қарсаңында өткен ғалымдар басқосуында талай тұщымды пікір айтылып, бірігіп атқарылар істердің бағыт-бағдары айқындалды. Тағылымды тұжырымдар мен жаңашыл көзқарастар тоғысқан ғылыми жиынның түйінді мәселелері таяуда жеке жинақ болып жарық көрмек.

Форум жұмысына Т. Кәкішұлы, Қ. Әбдезұлы, Ж.Дәдебаев, Ж. Тілепов, Т. Есембеков, Ө. Әбдиманұлы, Н. Ақыш, С. Сәкен, А. Темірболат, Қ. Қарабаева, Қ.Айсұлтанова, т.б. отандық ғалымдармен бірге Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің профессоры С.А. Кибальник және т.б. қатысты.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ

БҮГІНГІ САНДА:

БОЛАШАҚТА БАЙ БОЛАМЫН ДЕГЕНДЕР

2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

КУРАТОРДЫҢ КӨП ІСІ...

6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

"ҚАЗҰУ АЙНАСЫ" БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

8-бет

ЕУРОПАДА БІЛІМ АЛУҒА МҮМКІНДІК КӨП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде белгілі шығыстанушы ғалым Әуезова Зифа-Алуа Мұратқызы студенттермен кездесуде болды.

Кездесу барысында Зифа-Алуа Мұратқызы Нидерландыдағы «Eurasian Perspective» деп аталатын академиялық орталықтың қызметімен таныстырды. Бұл академиялық орталықтың негізгі қызметі - оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен студенттерге Еуропада білім алу жолдары жайлы кеңестер беру және 2 апталық ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған курстар ұйымдастыру. Орталықтың құрылу тарихына тоқталған Зифа-Алуа Мұратқызы бұл орталықтың кездейсоқ жағдайда құрылғанын атап өтті.

"Алғаш 1998 жылдан бастап бұрынғы Кеңестер Одағы елдерінен келген ғалымдарға Еуропалық білім беру жүйесі және ғылыми зерттеулердің ерекшелігі секілді жалпы тақырыптарда дәрістер оқып, тренингтер жүргізу мақсатында құрылған орталықтың жұмысы кейіннен Қазақстаннан келген оқытушылар тобының сұрауы бойынша алғаш екі апталық курстар ұйымдастырумен толықтырылды", - дейді Зифа-Алуа Мұратқызы.

Бастапқы уақытта, негізінен, бір-екі ғана тақырыпты қамтыған академиялық курстардың ауқымы қазір кеңейген. Бүгінгі таңда бұл орталық Батыс Еуропадағы жоғары оқу орындарының білім беру жүйесі; Университеттердің ғылыми зерттеу орталығы ретінде қалыптасу қағидалары; Еуропада ғылыми зерттеу жүргізу және оқытуды қаржыландыру; Академиялық жарияланымдардың рейтингісі; «Импакт-фактор» тұжырымдамасы, Еуропалық білім беру жүйесіндегі сыни ойлауды қалыптастыру тәжірибелері; Еуропалық университеттер тәжірибесіндегі академиялық ұтқырлық жайлы кеңінен таныстыра алатын мүмкіндікке ие.

Сонымен қатар Зифа-Алуа Мұратқызы журналистика факультетіндегі М.Барманқұлов атындағы телестудияның жаңалықтар бағдарламасында қонақта болып, өз ойларымен бөлісті.

Қазіргі кезде университеттің тарих және археология, шығыстану және халықаралық қатынастар факультеттерімен тығыз байланыста жұмыстар жүргізетінін айта келіп, Зифа-Алуа Мұратқызы болашақта журналистика факультетімен бірлескен жобалар жасауға, 2 апталық журналистерге арналған курстар ұйымдастыруға және әріптестік байланысқа даяр екенін атап өтті.

Журналистика факультетінің бітіруші курс студенттерімен және магистранттарымен кездесу барысында Зифа-Алуа Мұратқызы оларды бітіру жұмыстарын сәтті қорғауымен құттықтай келе, ғаламдастыру үрдісінің талабына сай, кез келген студенттің Еуропада оқуға мүмкіндігі зор екенін ерекше атап өтті.

Факультет тарапынан шетелде өзінің академиялық орталығын ашып, оның қызмет бағытын елдегі жастардың Еуропада білім алу мүмкіндіктерін түсіндіруге, оларға қол ұшын беруге арнаған ғалым Зифа-Алуа Мұратқызының еңбегіне зор табыстар тілейміз.

Қарлығаш НАҚЫСБЕККҚЫЗЫ,
журналистика факультеті
деканының орынбасары

БОЛАШАҚТА БАЙ БОЛАМЫН ДЕГЕНДЕР

Соңғы жылдары «баспа ісі» және «дизайн» мамандықтарының қажеттілігі артқан сайын, мектеп оқушылары арасынан қызығушылар саны да көбейіп келеді.

© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Жақында ҚазҰУ журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасының ұйымдастыруымен бесінші рет өткен Республикалық «Болашақ баспагер, редактор, дизайнер» байқауына еліміздің әр облысынан үш жүзге жуық оқушы алдын ала тіркелген еді. Әл-Фараби кітапханасының заманауи жабдықталған төрт қабатты әсем ғимаратында өткен байқау шарттары бойынша үш турдан тұратын сынақ шығарма жазуға қабілетті (сарашы), кітап безендіре алатын(безенші), өзгенің жазғанын түзете білетін (түзеткер) дарынды оқушылар арасында болды. Байқаудың қазылар тобы бекіткен сынтез(критерий) бойынша ең үздік деп танылған жеңімпаздарға «Ата-мұра» коррпорациясы Республикалық Абай атындағы мектеп-интернат оқушысы Жамал Жақсытайға; «Алматыкітап» баспасы Алматы полиграфия колледжінің оқушысы Нұрбек Жанғабаевқа; «Қазақ энциклопедиясы» баспасы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Әл-Фараби атындағы қазақ орта мектебінің оқушысы Шарифа Исмайыловаға;, «Көкжиек» баспасы Алматы қаласындағы №81 мектеп-гимназиясының оқушысы Таңшолпан Зыяуға біржылдық шәкіртақы тағайындады. Осы жеңімпаздарға аталмыш шәкіртақы «баспа ісі» немесе «дизайн» мамандығына түскенде ғана табыс етіледі. Сонымен қатар «Ең үздік редактор» аталымы бойынша 6 оқушы; «Ең үздік безенші-дизайнер» аталымы бойынша 6 оқушы; «Ең үздік түзеткер-корректор» аталымы бойынша 6 оқушы арнайы дипломдар және затындық сыйлықтармен марапатталды. Қазылар алқасы байқауға ең көп бала қатыстырғаны және дайындағаны үшін ұстаздарға да Алғыс табыс етті.

Болашақта күн сайын рухани жетілемін, затындық игілікке ие болып, екі жақтан байимын деген мектеп бітірушілер «баспа ісі» мен «дизайн» мамандықтарын таңдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келіп оқуға түсуге бел байлап тарады.

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ
V Республикалық «Болашақ баспагер,редактор, дизайнер» байқауын ұйымдастыру алқасының төрағасы

ҚАМҚОРШЫ ҚАЗҰУ-ЫМ

ҚазҰУ маған білім беріп қоймай, мені әлеуметтік жағынан қолдап, үлкен көмек көрсетті. Нақты айтсам, маған 80 мың теңге көлемінде шәкіртақы берілді. Жыл сайын университетіміздің ректоры Ғалым Мұтановтың бастамашылығымен әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың студенттеріне, көмекке мұқтаж әрі үздік оқитын студенттерге демеушілік жәрдемақы ұйымдастырылып оларға қаржылай көмек көрсетілуде. Мен бұл ізгі шараның негізгі мақсатын көмекке мұқтаж студенттерді терең білім алуға және факультет өміріне белсенді араласуға итермелеу, қолдау деп түсінемін.

Ұстаз - екінші ана демекші бұл шара туралы біздің топты ұстазымыз Айгерім Жарболова хабардар етті. Нақты айтсам, ұстаз студенттер арасынан әрі үздік, әрі жәрдем ақыға мұқтаж лайық студент іздеген екен. Тиісінше, сол ұстаздың жетекшілігімен және топтағы достарымның қолдауымен маған 80 мың теңге көлемінде "Қабылбеков Рашид Қаһарманұлы" атындағы шәкіртақы берілді. Маған бұл ізгі шара үлкен әсер қалдырды. Мен университеттің бұл ізгілігінен біраз уақыт бұрын айырылған аяулы анамның қамқорлығын сезінгендей болдым.

Демеуші Айгүл Тынаева ханым шәкіртақыны өзінің 21 жасында бұл дүниеден өткен баласы Қабылбеков Рашидтің атынан табыс етті. Шәкіртақыға қоса Рашидтің көзі тірісінде жазған өлеңдер жинағынан және ол туралы жазылған ата-ана, туған-туыс сағынышын жинақтаған өлеңдер мен естеліктерден құралған "Жалындап өткен жас ғұмыр" атты кітап берді. Маған марқұм Рашид ағамыздың өмірі қысқа болса да артында өшпес мол мұра қалдырғандығы үлкен әсер етті. Анасы Тынаева Айгүл апайды көрген сәтімде оның жүзінде күлкі болғанымен көзінде адам байқай бермейтін мұңды жарасы бар екенін байқадым. Айгүл апай маған Рашид ағамыздың алғыс хаттары мен грамоталарын, қысқа өмірінде қол жеткізген жетістіктерін көрсетті.

Мен сол күнгі университеттің Ғылыми Кеңесінен үлкен сабақ алып, үлкен ой түйіп қайттым. Біріншісі, ҚазҰУ тек білім беру орны ғана емес, ол әрбір студент қымбат көретін, көмекке әркез даяр тұратын қамқор әке іспеттес. Екіншісі, аз ғұмырында хатын қалдырған Қабылбеков Рашид ағамыздың атынан шәкіртақы алып, сол кісіге ұсқап үлкен адам болуға моральдық жауаптылық алғандай болдым. Көптің арасынан мені көріп, тапқан оқытушым А.Ж.Жарболованға, қамқорлық шарасын ұйымдастырған университетіме, баласынан ерте айырылған Айгүл апайдың баласының атын жандандырған қамқорлығына үлкен алғысымды білдіремін.

Ақжол БЕРКАЛИЕВ,
заң факультетінің 2-курс студенті

ИМЕННЫЕ СТИПЕНДИИ ДЛЯ ТАЛАНТЛИВЫХ СТУДЕНТОВ

Студенты кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединении и полимеров КазНУ будут получать именные стипендии - выдающихся ученых М.Т. Чумбалова, А.Ш. Шарифканова, Е.М. Шайхутдинова. Уже третий год кафедра проводит конкурс среди студентов специализирующихся на кафедре.

Конкурсанты должны иметь в зачетке только отличные отметки, а так же представить исследовательскую работы. Финансовая поддержка способных студентов оказывает несравнимую пользу в деле подготовки молодых профессионалов, будущих специалистов химиков-технологов органических веществ страны. Сертификаты на именные стипендии призывает ставить перед студентами максимально высокие задачи, ведь это поможет им не только хорошо учиться, но и стать одним из учащихся, получающих дополнительную финансовую помощь.

Благодаря активной научно-исследовательской деятельности кафедры мне была предоставлена возможность работать по проекту.

Нужно отметить, что все студенты старших курсов и магистранты кафедры привлекаются к выполнению научно-исследовательской работе на оплачиваемой основе. В этом учебном году я была награждена именной стипендией имени А.Ш.Шарифканова - за отличные успехи в учебе и научно-исследовательской деятельности.

Я очень признательна кафедре за предоставленную возможность в реализации себя как квалифицированного специалиста в области химии и химической технологии органических веществ.

С. М. ГАББАСОВА,
студент 4-курса
факультета химии и
химической технологии

Кешегі ректорат отырысында жыл сайынғы «Үздік оқу құралдары» байқауының жеңімпаздары марапатталды

Ұстаз туралы үзік сыр

Менің сексеннің сеңгіріне биылғы жылы шыққан алтын ұя Қазақ ұлттық университетін тамамдап, жастық жігерімді жаныған механика-математика факультетінде шама-шарқымша еңбектеніп жүргеніме отыз жылдан асыпты. Ешқайда табан аудармай, осынша уақыт заманның аумалы-төкпелі өткелдерінде факультетіміздің түтіні түзу шығуына тілектестер қатарында болғандықтан, осы ұжымның мерейі үстем бола берсе екен деймін. Факультетіміздің әр кезеңдегі тыныс-тіршілігінен кейінгі ұрпақты хабардар етіп отыруды басты парыз санаймын. Сондықтан механика-математика табалдырығын аттауымның себепкері – ұлағатты ұстазым хақында кейінгі толқынға сыр шертіп көрсем деп едім.

Әлбетте, бір нәрсеге бір нәрсе әсер ететіндігі, біреуге біреу дәнекер болатындығы hақ. Менің ұстаздық жолымның, ғылыми ғұмырымның томағасын сыпырып, тұсауын кескен Қазақстандағы тұңғыш механика мектебінің негізін қалаған тарлан тұлға Өмірбек Арсыланұлы Жолдасбековтің танымал шәкірті Есентай Рақымұлы Рақымов болатын.

Қадыр ағамыз «Ұлтқа қызмет етпеген дарын, дарын емес – жарым» деген екен. Менің ұстазым ұлт үшін тер төгуден талмай өтті. Мұны 1977-1983 және 1989-1994 жылдар аралығындағы декандық қызметінде факультеттің жағдайын барынша ойлап, мазасы май ішкендей күй кешкендердің бірі Есентай Рақымұлы болғандығын білгендіктен айтып отырмын. Профессор Рақымовтың республикалық және халықаралық басылымдарда жарияланған 136 ғылыми жұмысы, 5 монографиясы мен 6 оқу құралы, 5 патенті, көптеген шығармасының Ұлыбританияда, Италияда, Испанияда, Югославияда, Үндістанда, Болгарияда, Германияда және ТМД елдерінде жарық көруі кесіп-пішуге келе бермейтін hәм көнбейтін қисапсыз еңбектің жемісі болса керек. Оның жетекшілігімен ғылым кандидаттығына 10 диссертация қорғалуы, қолданбалы механика кафедрасы мен теориялық механика кафедраларын меңгеруі және жоғарыда атап өткеніміздей, 11 жыл механика және қолданбалы математика факультетін басқаруы, қазақ тілінде техникалық әдебиеттерді дүниеге келтіруі – бәріміздің көз алдымызда, жалпақ жұрттың назарындағы атқарған істері әрі механика саласында ғылыми зерттеулерді дамытып, ұйымдастырғаны, ғылыми кадрлар мен мамандар дайындауға қосқан қомақты үлесі дер едім.

Құдайдың бере салған кеңдігі мен аңқылдаған адалдығы сөзінен де, әрекетінен де ап-айқын аңғарылып тұратын Ес-аға теориялық тұжырымдар алған шәкірттерінен сол нәтижелердің эксперимент арқылы дәлелденуін қатаң талап ететін. Атап айтқанда, өнеркәсіптің сан-алуан саласында қолданыс тапқан «Роторлық жүйелер тербелісінің орнықтылығы мен тербелісін зерттеу» тақырыбын елімізге алғаш әкелген Есентай Рақымұлы осы тақырып қамтитын теориялық механика, сұйықтар мен газдар механикасы, деформацияланатын қатты денелер механикасы, математикалық физика сияқты салалардан терең теориялық білімді болып қана қоймай, сонымен қатар эксперименттік құрылғылар арқылы алынған нәтижелердің кәмілдігіне көз жеткізуді басты мақсат санаушы еді.

Бұл күндері парламентте қызметтегі тұңғыш оқушысы техника ғылымдарының кандидаты Ә.Рахматуллаев, ғылым докторлығын қорғап, ұстаз жолын жалғастырған профессор, факультет деканы А.Қыдырбекұлы, Ресей Жаратылыстану академиясының профессорлары және РЖА білім беру мен ғылымға еңбек сіңірген қызметкерлері Т.Иманқұл, К.Дүйсебековалар сияқты шәкірттері сондай талаптармен шыңдаған тұлғаға дән риза.

Тың тақырыпқа тұтынушылар тапсырысының толастамауының әсерінен Е. Рақымовтың жетекшілігімен ғылымның өзекті бағыты мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қолданбалы зерттеулер мен іргелі бағдарламалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді. Ұзақ жылдар Е.Р. Рақымов машиналар мен механизмдер теориясы бойынша докторлық кеңес мүшесі, механика мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік басқару коммиссиясының мүшесі, ҚазҰУ жанындағы кандидаттық диссертация қорғау кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жоғары аттестациялық комиссиясының машинатану және механика саласы бойынша сарапшы мүшесі және төрағасы қызметтерінде болды.

Қажырлы еңбегінің арқасында Есентай Рақымұлы ҚР жаратылыстану ғылымы академиясының академигіне, ҚР инженерлер академиясының корреспондент мүшелігіне сайланды. Қазақстан ғылым мектебінің дәрежесін мойындаған ғылыми орта профессор Е.Р.Рақымовты 1996 жылы Украинадағы роторлық жүйе динамикасы бойынша халықаралық Ғылыми кеңес мүшелігіне сайлады.

Есентай Рақымұлы – қарымды қылығымен, ғылыми ізденісімен, ұстаздық ұлағатымен, халыққа қылаусыз еткен еңбегімен өзін таныта білген саңлақтардың бірі, адалдықты алға салып өткен жан. Адал жар, қамқор әке, ұлық ұстаздың өмірдегі кейбір әділетсіздік пен озбырлықтар туралы тілге тиек еткен сәтімізде әлдекім туралы кіжініп айтқан, күйініп айтқан, күйзеліп айтқан сөздерін естімеппін.

Болашағын болжады ма екен жиырма жылға жуық араласымыз туыстай тұтастырып жіберген аяулы ұстаз:

Асықпашы, жетерсің жетер жерге,
Тіл тигізіп қайтесің бекер елге.
Өмір деген сахна, шық, кәнеки,
Ренжімей кетіп қал кетер жерде, -

деген Тұманбай Молдағалиевтің шумақтарын жиі қайталаушы еді. Айтса айтқандай, бала махаббатын баянды қылған Балыш апайдың мезгілсіз қазаға ұшырауы қабырғасына батты ма екен, жарының соңынан алпыс бір мүшелінде бір-ақ күнде бақиға аттанғанын қайтерсің...

Орнында бар оңалар деген ғой халқымыз. Ендеше мемлекет тарапынан ғылымға аса назар аударылып, замана көші ғылыми зерттеулерге бет бұрған шақта артында мол мұралы мектебін қалдырған, тербелістер табиғатының зергері, Есентай Рақымұлының ұстаздық тағылымының тұғыры тіктеле берері сөзсіз.

Төлеухан ШОЙБАСҰЛЫ,
дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры

БОЛЕЕ ПОЛУВЕКА В СТЕНАХ УНИВЕРСИТЕТА

Удивительная судьба у Рэмы Нурлиевны Матаковой родилась в г. Омске, закончила среднюю школу в г. Душанбе с золотой медалью, поступила на физико-математический факультет Таджикского государственного университета, в связи с переездом семьи в г. Алматы была переведена на второй курс химического факультета КазГУ, который закончила с отличием в 1962 году и была оставлена на кафедре аналитической химии в должности ассистента. Вот уже 54 года она плодотворно работает на химическом факультете нашего университета. И, главное, не иссякает её любовь и преданность студенчеству.

В 1970 году защитила кандидатскую диссертацию «Потенциалы жидких амальгам» на стыке специальностей «электрохимия» и «аналитическая химия». Актуальность и практическая целесообразность исследований по анализу гомогенных и гетерогенных систем металлов и их результаты легли в основу докторской диссертации «Электрохимические методы в анализе гомогенных и гетерогенных электродных систем» по специальности «аналитическая химия», защищенной ею в 1990 году в г. Ташкенте. Итогом плодотворной научной деятельностью явилось более 450 научных публикаций, более 25 разработанных аналитических методик, внедренных в производство.

Профессор Р.Н. Матакова внесла большой вклад в подготовку и воспитание высокопрофессиональных специалистов-химиков для производства и высшей школы республики: шесть кандидатов и доктор химических наук. Известный и полюбившийся многим поколениям химиков «Гимн химии» создан доктором химических наук, профессором Рэмой Нурлиевной Матаковой.

Методические исследования, разработки и внедрение новых технологий обучения и контроля знаний студентов и магистрантов (кредитной, компетентностно-модульной), являются неотъемлемой частью педагогической деятельности Рэмы Нурлиевны на протяжении всех лет работы в университете; ею сделано более 50 научно-методических докладов и опубликовано более 40 методических статей. Профессором Р.Н. Матаковой разработаны и читаются на высоком научно-методическом уровне фундаментальные курсы по аналитической химии и актуальные элективные дисциплины, вызывающие огромный интерес у студенческой аудитории.

Рэма Нурлиевна как всегда полна творческих идей и замыслов, с энтузиазмом она организовывает и проводит различные мероприятия со студентами. Только в юбилейном для университета учебном году ею организованы в факультетском масштабе интереснейшие семинары со студентами 1-2 курсов по темам: «Профессиональная подготовка химика-аналитика», «Становление и развитие химического факультета, приуроченное к 80-летию КазНУ», «Уровень развития и состояние современной химической науки».

Р.Н. Матакова все годы работы в университете активно занимается общественной работой: была организатором городских олимпиад школьников по химии, Всесоюзной олимпиады «Студент и научно-технический прогресс», международной школы-семинара «Инновационные методы обучения в магистратуре», являлась первым координатором магистерской подготовки в университете. Награждена грамотами, дипломами, имеет звание Почетного работника образования Республики Казахстан. Мы, её коллеги и ученики, гордимся тем, что рядом с нами работает настоящий преданный своему делу педагог высшей школы, у которого можно многому научиться. Рэма Нурлиевна душевный, обаятельный, сердечный человек, с активной жизненной позицией, инициатор многих интересных мероприятий, проводимых кафедрой среди студенческой молодежи, пример для подражания молодому поколению преподавателей.

А.М. ШАЛДЫБАЕВА, А.А. МУСАБЕКОВА,
преподаватели кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов

ЗАҢГЕРЛЕР МЕКТЕБІ

Биыл ҚазҰУ-дың құрылғанына 80 жыл толып отыр. Осындай алпауыт білім мен ғылым ордасында заң факультетінің өзіндік орны бар. Факультет құрылғалы бері білім ордасында еліміздің тұғырын берік, мәртебесін биік ұстайтын талай мамандар дайындалуда, білім мен ғылым ордасының дамуына, ондағы болашақ мамандардың шыңдануына, заңгер-ғалымдардың мектебінің қалыптасуына үлкен еңбектер сіңірілуде.

Өткен ғасырдың тоқсан екінші жылында мен сынды сан шәкіртке ілім мен білім есігін ашқан бұл университет, өмірімізге де жол ашты. Ұлы Абайдың: «адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан басталады», деген сөзіндегі «ғылым, жақсы ұстазды» біз осы қара шаңырақтан кездестірдік. Көрген, білгені ұлан ғасыр ұстаздарды, қазақтың маңдайына біткен заң саласының шам-шырақтарының алдын көрдік. Факультет тарихында мәңгілік орны бар сол ұстаздарды атап кетсек: С.Зиманов, Қ.Халықұлы, С.Сартаев, А.Мамұтов, С.Булатов, Е.Қайыржанов, С.Байсалов, Л.Дюков, Г.Поленов, З.Абдуллина, Қ.Бегалиев, Е.Жәкішев, М.Мухитдинов, сондай-ақ А.Диденко, М.Сулейменов, И.Рогов, Ө.Қопабаев және т.б. Заң ғылымдарының докторы Д.Байдельдинов басшылық ететін заң факультетінде бүгінде төрт кафедра қызмет етеді.

Қылмыстық саясатты қамтамасыз етуде, ғылымда, білім саласында, заңгер мамандар даярлауда да «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының елеулі орны бар. Кафедраны заң ғылымдарының докторы Р.Е. Джансараева басқарады. Кафедра құрамы да білікті мамандардан тұрады. Олар білім, ғылым және тәрбие беру бағытында қажырлы еңбек етуде.

Кафедра қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалист-эксперт бағыттарында мамандар (бакалавриат, магистратура, докторантура) даярлауға ат салысады.

Кафедрада ғылыми жұмыспен айналысуға үлкен көңіл бөлінген. Жекеленген ПОҚ ҚР Министрлігінің гранттық қаржыландыруымен ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысады. Атап айтсақ, үстіміздегі жылы 2 гранттық жобамен зерттеулер жүргізілуде. Жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ҚР қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және атқару заңнамасын жетілдіруге байланысты ұсыныстар жасалған.

Ғылыми зерттеу жұмыстарымен қатар, кафедрада студенттермен қоян-қолтық жұмыстар жүргізіледі. Жастарды ынталандыру, тәрбиелеу, білімдерін жетілдіру, іс-тәжірибеде заңгерлік қабілеттерін қалыптастыру шаралары белсенді атқарылады. Студенттік клубтар жұмыс жасайды. Әдвайзерлік топтарда жоспарға сай іс-шаралар жүзеге асады.

Кафедра мүшелерімен, университет түлектерінің жұмылуымен Е.Қайыржанов, Е.Жәкішев, Х.Халықов, Айтиев атындағы кабинеттер жабдықталған. Онда арнайы пәндерді жүргізуге қажетті материалдар бар (криминология және қылмыстық құқық, криминалистика, қылмыстық іс жүргізу - сот процесі). Кабинеттерде тәуелсіз Қазақстанымыздың қалыптасып, ілгерілеп дамуына, отандық қылмыстық құқық, криминология, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика ғылымдарының негіздерінің нық қалануына елеулі үлес қосқан ақ иық тұлғалардың өмірі мен қызмет жолдары жөнінде деректер де орын алған. Университет ұжымында атқарылатын іс-шаралар әлі де болса жетілдіріле беретіне баршаңызды сендіргіміз келеді. Қара шаңырағымыздың ғұмыры жалғаса берсін.

А.Р. БИЖАНОВА, з.ғ.д.,
Г.М. АТАХАНОВА, з.ғ.к.,
қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу кафедрасының профессор м.а.

Коллектив КазНУ на заседании Ученого совета обсудил экономическую интеграцию трех стран СНГ – создание ЕАЭС

«Самопознание» - компас подрастающего поколения в современном мире

Национальная система образования ориентирована на развитие личностного потенциала подрастающего поколения, формирование у детей и молодежи гуманных убеждений и опыта нравственного поведения через постижение таких общечеловеческих ценностей, как любовь, добро, истина, красота, нравственность, духовность. Практическим решением этой задачи стала реализация проекта нравственно-духовного образования «Самопознание», автором которого является, Первая леди Республики Казахстан Сара Алпыскызы. В основе программы - развитие нравственных и духовных качеств детей с учетом их индивидуальных особенностей. Перед профессиональным педагогическим сообществом страны была поставлена задача перехода от концепции функциональной подготовки к концепции развития гармоничной личности.

Духовность, составляющая основу предмета «Самопознание», выражается в единстве трех основных измерений – интеллектуальном, этическом и эстетическом. Особенностью уроков «Самопознания» является то, что на занятиях ведется откровенный диалог с преподавателем, в социально-ролевых играх и тренингах исследуется мир человеческих взаимоотношений, происходит обмен жизненными наблюдениями, развиваются навыки практического служения Родине, обществу. Идея интеграции заключена в самом предмете самопознания.

Интегрированный предмет «Самопознание», призванный выполнять ключевую роль в казахстанском образовательном пространстве, закладывает основы гуманистического мировоззрения. Все другие образовательные области становятся частью целостного гуманитарного знания...». Проблема нравственного воспитания начала волновать меня с тех пор, как я стала работать преподавателем кафедры общей и этнической педагогики, когда почувствовала огромную ответственность за своих воспитанников. В целях выполнения поставленной задачи, был подготовлен пакет необходимой документации для открытия специальности: разработаны рабочие учебные планы в соответствии с ГОСО, спецификации образовательной программы, ориентированные на развитие компетенций, специалистов востребованных в сфере образования, в частности, в общеобразовательных организациях образования, специальных (коррекционных) организациях, учреждениях пенитенциарного типа, реабилитационных центрах, детских домах. Получив лицензию в 2010 году, КазНУ осуществил первый набор по данной специальности, который способствует дальнейшей реализации проекта нравственно-духовного образования «Самопознание» В этом году кафедра общей и этнической педагогики осуществляет первый выпуск 91-го бакалавра образования по специальности «5В012300 - Социальная педагогика и самопознание». Отрадно отметить, что выпуск совпал с 80-летним юбилеем КазНУ. Сегодня коллектив кафедры под руководством зав. кафедрой д.п.н., доц. А.К.Мынбаевой, зам.зав. кафедрой д.п.н., доц. А.Б.Мукашевой, к.п.н., доц. Г.А.Касен прикладывает все силы, чтобы осуществить качественный выпуск высококвалифицированных специалистов владеющих жизненно важными ключевыми компетенциями. Я считаю, что все эти важнейшие качества современной личности XXI века, мы ежедневно прививаем в учебно-воспитательном процессе стимулируя познавательную деятельность студентов как средство самореализации личности.

Самореализация – это осуществление себя, использование своих возможностей, достижение личностных смыслов, целей, планов, своего предназначения в жизни. Это строительство своей судьбы. Мы верим, что они будут востребованы обществом, поскольку гармоничное развитие человека – это не пункт прибытия, а непрерывный процесс, и самопознание будет актуальным во все времена.

Г.А. МАМЫРБЕКОВА,
к.п.н., и.о. доцента
кафедры общей и этнической
педагогики ФФиП

СТАЖИРОВКА В РЕДИНГЕ

В 2013 г. многие преподаватели КазНУ имени аль-Фараби успешно прошли стажировку за рубежом по международной программе «Болашак». Среди претендентов оказалась и я, проходившая стажировку в г. Рединге (Великобритания). В программу нашего обучения были включены языковые курсы и стажировка.

Хорошо запомнилось, как во время прохождения стажировки руководство университета Рединга организовало для нас показательную экскурсию с посещением таких мировых университетов, как Кембридж и Оксфорд. Ведь это университеты не только с мировым именем, но и с самым высоким рейтингом. Мы воочию смогли убедиться, что здесь самые высокие международные научные стандарты обучения и преподавания. Теперь нам ясно на практике, куда следует двигаться, к чему стремиться для дальнейшего совершенствования качества преподавания в нашем родном КазНУ. Ведь и мы должны делать все возможное для достижения высокого рейтинга нашего вуза среди мировых вузов.

Руководством университета была также предложена для нас, слушателей, интересная культурная программа. Мы посетили такие особо значимые исторические места, как Бристол, Брайтон, Базилтон Палас. Это – целый мир! Живое, непосредственное знакомство с историей, культурой и традициями английского народа. Мы получили столько богатых впечатлений и глубокое удовлетворение от слаженной организации мероприятий, где была продумана каждая мелочь.

Это время не прошло для нас даром: мы получили много ценной и полезной информации, конкретное представление о системе образования Великобритании.

Во время стажировки весь изучаемый нами материал был разделен на несколько модулей самостоятельных дисциплин (юнитов), руководимых профессорами. Они сами отбирали и лекторов, что позволило нам непосредственно познакомиться с преподавателями различного уровня и различной направленности, что, безусловно, сделало нашу стажировку интересной, не стандартной, –живой, очень плодотворной.

Мы прослушали такие важные дисциплины, как руководство и менеджмент в образовании; развитие институтского образования; улучшение системы оценивания уровня подготовки студентов; реформирование учебного плана; управление университетом; инновации в педагогике и качество образования; обучение студентов в соответствии с их запросами; улучшение показателей студентов; исследовательская работа в высшем образовании и развитие образования в университете; технологии повышения качества образования; руководство и кураторство в системе высшего образования.

Конечно, их система образования значительно отличается от нашей. И мы теперь думаем о том, что взять нового и интересного из их предложенных методик, что можно привнести на почву нашего образования, для родного университета.

Думается, что перспективы нашего образования вполне ясны – нам нужно стремиться к мировому стандарту. И поэтому мы благодарны, что есть такая замечательная программа, как «Болашак»!

Гульжан БОЛАТОВА,
доктор филологических наук

Ғылымдағы ізденіс сапары...

Қазақ ұлы халық. Ұлылығы ұрпақ тәрбиесін әріден ойлар халықтық педагогикасынан айқын танылып-ақ тұр. Қазақ баласы оқыса деп, қазақ даласында алғаш оқу ошақтарының іргетасын қалаған Ыбырай ұстаздың арманы ақиқатқа айналды қазір. Білімсіз жұрттың елі тозып, білімді жұрттың бағы озған ғасыр бұл. Болашағын жігерлі де білімді жастармен байланыстырған қазақ жұрты да білім саласын дамытуда аянып қалып жатқан жоқ. Ізденемін деген жас болса, білім алу үшін бар мүмкіндікті жасаған.

Халқымызды мақтап, ұлылығын ұлықтап бастағым келіп отырғаны, сондай ірі білім ошақтарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің Г.Ережепова, Ж. Жүнісова, А.Зияданова, А. Кажикенова, А. Капарова, Н.Көпбаева, А.Рамазанова сынды студенттері ғылымдағы ізденіс сапарымен Ресей Ғылым академиясының бірнеше институттарына барып қайтты. Студенттердің бұл сапарына халықаралық қатынастар факультетінің профессоры Кеңес Қожахметұлы жетекшілік етті.

Білім мен ғылымды ұштастырып, Қазақстанымызды білім кеңістігіндегі еңселі ел етсек деген студенттерге бұл сапар: Ресей Ғылым академиясының Таяу Шығыс, Африка, Еуропа және Шығыстану сынды институттары, РФ мемлекеттік кітапханасы, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мен оның Азия және Африка елдері институтымен танысып, тәжірибе алмасуға жол.

Ресей Ғылым академиясымен танысу, В. Шубин, М. Мейер, А. Громыко сынды басшылары мен білікті мамандарынан кеңес алу еліміздің жарқын болашағы болар студенттерімізге әсерлі де маңызды болды. Үстіміздегі оқу жылын қамтыған сапар студент жастарымыздың ғылыми ізденістегі белсенділігін арттырды, шабыттандыра түсті. Білім жолында ізденуі үшін, тәжірибе алмасуы үшін еліміздің осындай мүмкіндіктер тудыруы жас ғалымдарды бір қанаттандырып тастады.

Гулбану ЕРЕЖЕПОВА,
халықаралық қатынастар факультетінің
4-курс студенті

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ

Академическая мобильность – активно развивающееся направление в системе образования Казахстана. Все мы стремимся стать специалистами своего дела. Вопрос в том, что мы для этого делаем и какие возможности нам для этого предоставляют. Нужно признать, что возможности повысить свои профессиональные компетенции студентам предоставляются. И весьма несерьезно возможностями этими не пользоваться. Одной из таких уникальных возможностей является академическая мобильность. Что же дает нам поездка за рубеж? Прежде всего, это уникальная возможность сравнить, посмотреть со стороны, переосмыслить, на людей посмотреть, себя показать. Это дает толчок к осознанию того, где ты сейчас и куда хочешь идти. Это мобилизует, заставляет работать над собой.

Мне выпал шанс побывать в Испании, в Университете Кадиса и проучиться на факультете Философии и Литературы кафедры арабистики и исламских исследований в течение осеннего семестра учебного года. Поездка была удачной, познавательной и полезной для меня. Это был важный этап в моем профессиональном самоопределении. Поездка не была легкой и беспроблемной, но я считаю, что овчинка стоила выделки. Самое ценное, что я привезла с собой - международный опыт. И если говорить о тенденциях современного образования, где огромное место уделяется его индивидуальности, самоцели и адаптации к новым условиям, то считаю, что я на шаг ближе к этим требованиям. Спасибо всем, кто помог мне в этом!

Ирина ДАВЫДОВА,
магистрант факультета
востоковедения 2-курса

«Парасат» қызметкерлер кәсіподағы «Үздік оқу құралдары» байқауының 26 жеңімпазына Ыстықкөл жағалауындағы ҚазҰУ лагеріне жолдама берді

В настоящее время миграция академически ориентированной молодежи становится центральным звеном мировой системы высшего образования: за последние 25 лет международная академическая мобильность возросла более чем на 300 %. Эти процессы коснулись и Казахстана, бурное развитие получило вовлечение национальной модели образования в международное образовательное пространство, в т.ч., и академическая мобильность, за рубежом обучаются более 20 тыс. казахстанцев. В Государственной программе образования на 2011-2020 гг. предусмотрено, что в 20% вузов можно будет получить двудипломное образование.

Программа 2+2 на кафедре китаеведения

На сегодняшний день существуют три варианта дипломов, которые присуждаются по завершении совместных программ обучения:

) совместный диплом двух или более университетов, признаваемый в странах-партнерах;

2) диплом зарубежного университета в дополнение к национальному диплому;

3) национальный диплом с указанием дополнительных курсов (в форме дополнительного сертификата, не имеющего юридической силы).

Как правило, различаются три модели совместных программ:

1) идентичная структура и содержание образовательных программ в каждом университете-партнере (параллельное изучение одних и тех же курсов/модулей, общие методы обучения и экзаменационные процедуры);

2) сравнимые основные модули/курсы программ обучения в партнерских университетах, но различные специализации, предоставляемые каждым партнером;

3) курсы/модули разных университетов взаимно дополняют друг друга в рамках ной согласованной образовательной эграммы (т.е. образовательная программа разделена на несколько частей, каждая из которых реализуется только одним партнером).

Каждая из этих моделей имеет свои сильные и слабые стороны. В настоящее время большинство программ следуют второй модели - такие программы составляют около 60 % всех совместных программ. Смысл и привлекательность программ двойных дипломов состоит в том, чтобы каждый партнер мог внести вклад своими наработками или ресурсами, которых нет в университете-партнере. Совместные программы, основанные на синергии уникального опыта каждой стороны, позволяют разработать программы, направленные на формирование у студентов в каждом из университетов-партнеров каких-либо отдельных групп компетенций, которые взаимно дополняют друг друга.

В КазНУ, начиная с 2010-2011 учебного года, магистранты могут обучаться по программам двудипломного образования в магистратуре Сетевых университетов стран ШОС и стран СНГ.

В 2010 году КазНУ заключил Соглашение с Ланьчжоуским университетом по подготовке бакалавров по специальности «Китайский язык» в формате 2+2.

Требуемые гарантии качества двудипломного образования в определенной степени можно прогнозировать уже на стадии выбора вуза-партнера.

Кафедра на основе рабочих учебных планов двух университетов разработала совместный РУП, который содержит все обязательные дисциплины по специальности.

В реализации данного проекта неоценимую помощь оказали руководство университета, проректор по учебной работе профессор Д.Ж. Ахмед-Заки, сотрудники ДАВ Б.Б. Ахметов, К. Жунис, методического отдела, ДМС.

Выгодность и эффективность подготовки по совместному учебному плану можно проследить на сопоставлении РУПов двух университетов.

В объеме практического китайского языка в часах мы уступаем в 4,3 раза, теоретических курсов мы читаем в 15 раз больше, общеобразовательных дисциплин - больше, чем в 2 раза, профилирующих меньше, чем в 2,7раза.

К этому нужно добавить, в китайских вузах обучение языку очень интенсивно на 1-2 курсах, в среднем 18-24 часов в неделю. Интенсивность языковой подготовки в Ланьчжоуском университете позволяет подготовить выпускников со знанием китайского языка высшего уровня, тогда как наши выпускники осваивают только средний уровень языка.

Подготовка бакалавров по двудипломной программе позволяет преодолеть недостатки содержания нашей программы, где продолжается засилье общеобразовательных дисциплин, и меньше, чем нужно, выделяется времени практическому китайскому языку, помогает восполнить потребность в высококвалифицированных кадрах с учеными степенями, открывает доступ к информационно-библиотечным и материально-техническим ресурсам университета-партнера.

В перспективе программы двойного диплома будут осуществляться по специальностям магистратуры, докторантуры, и не только с китайскими, но и вузами Европы и Америки.

Двойной диплом позволяет укрепить конкурентоспособность студентов китайского отделения КазНУ им. аль-Фараби, это большие возможности успешного трудоустройства, что гарантируется комплексным высококачественным образованием. Реализация двудипломных образовательных программ – это вполне вероятный путь повышения качества высшего профессионального образования на международном уровне.

Зауре БАТПЕНОВА,
к.и.н., доцент, зав. кафедрой китаеведения факультета востоковедения

Зарубежная стажировка магистрантов

Мы, магистранты механико-математического факультета, были на зарубежной стажировке в Берлинском Техническом Университете (БТУ) по программе «Летняя космическая школа 2013». Уже третий год как это стало традицией для магистрантов нашего факультета. Впервые летняя школа была организована авиационно-космической кафедрой БТУ в 2011 году специально для магистрантов КазНУ по просьбе З.Б. Ракишевой, профессора нашей кафедры.

В течение двух недель с утра до вечера мы слушали лекции, которые читали ведущие профессора и специалисты данного вуза такие, как профессор Клаус Брисс, профессор Себастьян Трович, дипломированные инженеры Дмитрий Островерхов, Дмитрий Богданов и Вальтер Балхеймер. Лекции были очень интересными и полезными.

Темы лекций охватывали очень широкий круг вопросов: разработка программного обеспечения для расчета и наблюдения орбитального движения космического аппарата, ошибки в планировании и развитии спутниковых миссий, основы технической надежности, отказоустойчивость и резервирование системы, обнаружение и устранение ошибок, расчет теплового баланса малых спутников с использованием математического моделирования на основе метода Рунге-Кута. Мы многое узнали о наноспутниках, весом от одного до десяти килограммов, и перспективах их применения. Кроме лекций, были практические занятия, на которых мы рассчитывали орбитальное движение космических аппаратов, рассчитывали тепловой баланс малых спутников, решали задачи по определению оптико-энергетических характеристик линз, часть ребят программировали микропроцессоры. Мы прослушали все лекции, запланированные по программе, и в конце обучения сдали экзамены. Результаты экзаменов порадовали не только нас, но и наших лекторов. Они нам вручили сетификаты с хорошими оценками.

Программа летней школы включала в себя и важную ознакомительную часть: нам были продемонстрированы макеты наноспутников, которые немцы сделали своими руками, при этом, дали возможность посмотреть все, и рассказали о каждой детали и о структуре спутника. Была проведена экскурсия по лабораториям, где мы узнали подробности истории создания первых спутников, посмотрели чистовую комнату, где собираются спутники, поднялись на крышу здания университета, где расположены наземные станции, принимающие сигналы со спутников; одна из антенн станций сделана руками студентов и сотрудников БТУ. Поприсутствовали на сеансе связи со спутником и наблюдали процесс управления спутником при помощи наземной станции. Мы также посетили Немецкий центр управления космическими полетами, находящийся в двух часах езды от города. Персонал центра был рад нас принять, было рассказано и показано много интересного. Там мы прослушали несколько лекций о спутниках различного назначения и посетили центры управления спутниками. Побывали на поле, где расположены несколько антенн, принимающих сигналы с самых разных спутников.

Была организована и небольшая культурная программа: экскурсия в Рейхстаг и по самому Берлину. Мы многое узнали, многое увидели. Нам очень понравился сам вуз, профессора, инженеры, работавшие с нами.

Мы очень рады, что наш КазНУ дает нам возможность посетить ведущие вузы мира и слушать лекции лучших профессоров зарубежных стран. Это не только дополняет наши знания, но и вдохновляет на лучшую учебу, дает стимул для углубления своего знания английского языка, для стремления к дальнейшему всестороннему развитию.

Гульнур КОЖАТАЕВА,
магистрантка 2-го года обучения кафедры механики

СОЦИОЛОГИЯ: ПРОФЕССИЯ НАСТОЯЩЕГО И БУДУЩЕГО

Социология, относительно молодая наука в Казахстане, порой встречает непонимание и недооценивание. Социологи нужны повсеместно: ведь кто, если не социологи помогут изучить общество, помогут понять, какие процессы происходят в обществе? Трудно, а иногда и невозможно реализовать модернизирующие программы без оценки нужд и потребностей общества, без понимания общественных настроений, без оценки общественного мнения. А как оценить, как понять различия в потребностях различных групп населения, измерить изменение общественного сознания, отношения? Здесь на помощь приходит грамотно спланированное, профессионально проведенное и проанализированное социологическое исследование. Оценка общества без социологического исследования больше выглядит как предположение, основанное на отрывочной информации, почерпнутой из различных источников.

В настоящее время назрела потребность в профессиональных социологах, способных объективно и обоснованно проанализировать общество в целом, помочь понять ситуацию в разрезе социально-демографических признаков. Кафедра социологии и социальной работы КазНУ первое учебное заведение, которое с 1988 года ведет обучение профессиональных социологов. По праву эту кафедру можно назвать одной из ведущих в подготовке социологов и социальных работников.

Будучи социологом по призванию, я работаю в сфере социологических исследований довольно давно. Пройдя все этапы практических исследовательских работ в этой сфере, поняв, что есть потребность в теоретических знаниях, я приняла решение поступить на специальность «социология» кафедры социологии и социальной работы КазНУ. Следует отметить, что здесь работают действительно профессионалы своего дела, которые не зацикливаются на зубрежке классического теоретического материала, а используют все методы современного компетентностного обучения в вузах. В процессе обучения постоянно сопоставляешь классический теоретический базис с современными социологическими теориями, обучение позволяет изучить основополагающие парадигмы и в то же время быть в курсе современных научных тенденций. На кафедре наблюдается преемственность научного и преподавательского опыта и знаний, ведь профессорско-преподавательский состав кафедры включает в себя как корифеев социологической науки, так и молодых специалистов. У обучающихся всех уровней (бакалавриат, магистратура и докторантура) есть возможность выбора интересующих учебных дисциплин, есть возможность обучения за рубежом в рамках академической мобильности. В целях поддержания качественного профессионального уровня преподавателей, на кафедре периодически проходит оценка преподавателей, которая полностью анонимна, и у каждого студента есть возможность объективно оценить профессиональный уровень преподавателя в системе «Универ».

Обучение построено таким образом, что студентам остается лишь поглощать в себя все те знания, которые способствуют в дальнейшем их становлению как профессиональных социологов, приносящих истинную пользу для развития нашей страны.

Айжан ШАБДЕНОВА,
магистрант 2-курса специальности "социология"

На факультете журналистики состоялась презентация электронного архива учебной аудитории агентства «Хабар»

Кураторлық көл ісі...

Іргетасы сонау қырқыншы жылдары қаланып, кейінірек тек университеттің ғана емес, ұлт зиялыларының ұясына, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ошағына айналған кафедраның ұйымдастырылуы мен қалыптасуына академик-жазушы Мұхтар Әуезовтің сіңірген еңбегі шексіз. «Қазақ әдебиеті» деген атауды иемденген кафедраның тұңғыш меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев болды. Қазақ әдебиеті тарихының жалпы курсы мен теориясын қалыптастыруда өзіндік орны бар, әдебиеттану ғылымының дамуына, ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне, оқу мен оқыту ісіне, орта және жоғарғы мектепке сапалы маман даярлауға зор үлес қосқан Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, Т. Нұртазин, М. Ғабдуллин, Б.Шалабаев, М.Сармурзина, Х.Сүйіншәлиев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев, З.Ахметов, С.Ордалиев, М. Жолдасбеков, Р. Нұрғали т.б. ерекше атауға болады. Еліміз тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді жиған соң, заманға сай жоғары білімді мамандарды дайындауда, кафедра жұмысын уақыт талабымен үндес, жаңашыл бағытта өркендетуде А.Қыраубаева, Ж. Дәдебаев, Қ.Әбдезұлы, З.Бисенғали, Б.Майтанов, Ө.Әбдиманұлы, А.Темірболат, т.б. білікті басшылардың, оқытушы-ұстаздар құрамының еңбегін ескеруге тиіспіз.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ұжымы өздерінің сан қырлы ғылыми бағытымен қатар, оқу мен тәрбие жұмысын ұштастырып, студенттерге сапалы білім мен ұлттық мазмұндағы саналы тәрбие беру мәселесі де ұзақ жылдардан қалыптасқан дәстүр мен сабақтастық негізінде өріліп, жаңа заман талабымен үндесетін тұстарына да көңіл бөліп, ұрпақ тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарауын ұлтжандылықтан туған ұстаным, ел тізгінін ұстар жастарға қамқорлық, университет қабырғасында соңғы жылдары қолға алынып, жұмысы жандана бастаған кураторлық институттың аясында атқарылып жатқан негізгі міндеттің бірі, парызы ретінде қарайды. Сонымен қатар жас ақындар мүшәйрасын өткізу, студенттер арасындағы айтыс өнерін насихаттау, түрлі тақырыптағы әдеби кештер, шәкірттің талабын ұштайтын шығармашылық сайыстар, әдеби-танымдық, тәрбиелік мәндегі кештер мен пікірталастар ұйымдастыру, ұлттық мәселелер жөніндегі дискурстар мен интелектуалдық сайыстарды өткізу айтуға оңай болғанмен, көп іздену мен табандылықты, күш-жігер мен төзімділікті талап ететіні анық.

Тәрбие үрдісіндегі ұстаздың рөлін жете түсінетін кафедра ұжымы қандай да бір іс-шара болмасын ерекше ықыластық танытып, қолдан келер көмегін беруге даяр. Мәселен, кафедраға қарасты бір ғана «Ай-Ару» студент қыздар орталығының өзі студенттермен жүргізілетін тәлім-тәрбиелік жұмыстарды жолға қойып, салтын сүйер, әдебиетін, тілін, тарихын құрметтер тағылымды жасқа, талапты шәкіртке жөн көрсетер, жол сілтер көптеген іс-шаралар атқарып жүр. Кафедра куратор-эдвайзері, өзі де өнер майталманы Самал Дәрібаев жұмысын жүргізіп келе жатқан «Жәдігер» студенттер клубының ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, көнеден жеткен мәдени мұрамызды дәріптеп, көнермес салтымызды, ескірмес мұрамызды саналы ұрпақтың жүрегіне егіп, ұлттық, рухани құндылықтарымызды көңіліне ұялатудың әдемі үлгісі емес пе!? Жақында ғана студенттерді «Тұран» этнофольклорлық ансамблімен қауыштырып, ұлттық мұраға деген қызығушылығын оятып, арттыра түссе, «Ел ертеңі – жас ұлан» деген атпен Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткен университетіміздің 80 жылдық мерейтойына арналған айтыстың да жастар мәселесіне ерекше көңіл аударып, олардың еліміздің ертеңі, ұрпағымыздың жалғасы ретінде атқарар міндеттерінің сараланып, қызу талқылануы да ойымыздың негізсіз емес екендігіне дәлел болса керек. Кафедра жанынан құрылған «Әдеби жүздесулер», «Шешендік өнер», «Тастүлек» сынды өзге де клуб, орталықтардың жұмысының негізгі өзегінде тәрбие мәселесі жатқаны айқын. Атаулы, мерекелік шаралар болсын, кафедра тарапынан ұсынылып, студенттерден қолдау тапқан кешкездесулер болсын оның берер тәрбиелік мәніне, тағылымдық маңызына баса көңіл аударылады.

Иә, ойымызды ұлттық университет есімін иеленіп отырған ғұлама бабамыз, ойшыл әл-Фараби айтқан сөзбен түйіндесек, «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Тәуелсіздігіміздің баянды болуы, ұлттың мәңгі жасауы білімді, саналы ұрпаққа тиесілі нәрсе деп қарасақ, сол ұрпақты тәрбиелеп өсіруде ұстаздың орны бөлек.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
аға оқытушы

«Ай-Ару» атқарған жұмыстар...

«Ай-Ару» студент қыздар орталығы - факультетте жан-жақты жемісті жұмыс атқарып келе жатқан студенттік ұйымның бірі. Мәселен, оның жанындағы «Ғылымға жол» үйірмесі ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абай-Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің жаңа бағыттарын негіздеу мәселелері» ғылыми жобасы негізінде «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы» оқытушы-профессорларының шығармашылық бағыттары, кафедраның арғы-бергі шежіресі, аталмыш кафедраға еңбегі сіңген тұлғалар турасындағы және «Абайдың ақындық мектебі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енгізілген жинақтар шығарылды.

Сондай-ақ аталмыш үйірме «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында «Мен оқыған бір кітап» атты студенттердің өзі оқыған шығарма туралы сын, зерттеу мақалаларын шығарды. Жинақты дайындау барысында студенттер өз білімдері мен тәжірибелерін шыңдай түсті. Сонымен қатар «Әлемдік әдеби дамудың жаңа бағыттары» атты халықаралық конференция желтоқсан айында өтіп, ұйым мүшелері конференция аясында жинақ дайындап, баспаға ұсынды.

Әдебиет әлеміндегі жаңа бағыттар төңірегіндегі білімдерін толықтыруға жинақ үлкен септігін тигізуде.

Абай Құнанбайұлының қайтыс болуына 110 жыл толуына орай, Абай мен Шәкәрім шығармашылық мұраларын зерделеу, зерттеудің жаңа ғылыми бағыттарын негіздеу мақсатында өткізілген конференция материалдарының берер тағылымы мол екендігі сөзсіз. Осыған байланысты Ж. Дәдебаев, Г. Қазыбек, Д. Ысқақұлы, Фунда Гювен Дерин, Юлай Шамиоғлы, Н. Джуанышбеков, Г. Пірәлі тәрізді ғалымдар мен Н. Түсіпхан, Г. Оспанова, С. Мінайхан, Ә. Бостанова сынды жас ізденушілеріміздің тың зерттеулерді көрсететін мақалалары жарық көрді.

Сондай-ақ «Ай-Ару» әдеби-танымдық альманағы жарық көргелі жатқан бір санын толығымен қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевқа арнағалы жатыр. Абайдың ақындығы туралы толық мәліметтерді білу, тану үшін Абайдың туып-өскен өлкесі Шыңғыстауға, Семей өңіріне баруды жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталғандарға қоса орталықтың алдына қойған мақсат-міндеттері көп. Университет көлемінде ұйымдастырылатын бағдарламаларға белсене ат салысып, жылдан-жылға «Ай-Ару» орталығы жұмыс бағытының ауқымы кеңейіп келеді. Әрі факультетаралық жарыстар мен әр түрлі бағыттағы іс-шараларға қатысуды да қалыс қалдырмайды. Ең бастысы, қазіргі замандағы өзекжарды мәселелерді қозғай отырып, әртүрлі жобаларды жүзеге асыруды көздеп отыр.

«Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар орталығынан
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ,
Балнұр ЛЕСХАНҚЫЗЫ,
Мөлдір НҰРТАЙ

«ЕҢ ҮЗДІК АУДАРМА» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының ұстаздары ұйымдастырған дәстүрлі «Ең үздік аударма» байқауы өз мәресіне жетті.

Байқау ережесі бойынша, оған қатысуға өтініш білдірген студенттерге екі тілде жазылған (қазақ және орыс) өлеңдер алдын ала электронды пошта арқылы жіберілді. Оның бірі – Владимир Хлыновскийдің «Мой Казахстан», ал екіншісі - Қасым Аманжоловтың «Туған жер» өлеңі. ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай өткізілген бұл байқаудың басты мақсаты – студенттердің тек шет тілін қаншалықты деңгейде меңгергенін ғана бағаламай, олардың бойында Отанға, туған жерге деген патриоттық сезімнің жандана түсуіне түрткі болу десек қателеспейміз.

Жалпы, шет тілдер кафедрасы ұжымы жыл сайын ұйымдастыратын бұл байқауда биылғы ерекшелігі жоғарыдағы шығармалар ағылшын тілімен қоса испан, неміс, француз және араб тілдеріне аударылды. Қасым ағамыздың өлеңіне деген қызығушылық па, әлде қазақ тілді студенттер басым болды ма белгісіз, байқауға қатысушылардың басым бөлігі осы өлеңді тәржімалауға тырысыпты. Студенттер өз аударма нұсқаларын кезекпен оқып шыққан соң, әділ қазылар төрайымы, кафедраның тәжірибелі ұстазы М.К.Макишева байқау қорытындысын жариялады. Ең қызығы, Марияш Қайдауылқызы да бұл байқауға дайындалып келіпті. Ол кісі В. Хлыновский туралы студенттерге қысқаша ақпарат бере отырып, оның өлеңінің ағылшынша нұсқасын аудиторияға оқып берді.

Байқау қорытындысы бойынша, ағылшын тіліне аударудан Алия Нұрбекова, неміс тілінен Виктория Бернов, француз тілінен Нұрлан Тұрсынғалиев, испан тілінен Дана Тұлымханова, ал араб тілінен Бағдат Егемберді 1-орынды иеленсе, 2-орынды Жанар Гимадиева, Гүлжазира Мейрамбай, Виктория Ковальчук және Ажар Мұханбаева иеленді. 3-орынды Шалхар Таласбаев, Дамеля Рыскалиева, Кәмшат Тұрысбекова бөлісті. Байқау соңы жүлдегерлерді марапаттаумен, естелік-сыйлықтар тапсырумен жалғасты.

Ләйла ДҮЙСЕЕ
дипломатиялық аударма кафедрасының оқытуш

«МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП»

Біздің университетте жастардың жан-жақты тұлғалық деңгейінің қалыптасуына айрықша көңіл бөлінеді. Ғұмыр бойы есімде жүретін жақсы әсерлерімнің ішінде ҚазҰУ ректоры техника ғылымдарының докторы, академик Ғалым Мұтановтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Студент оқитын 100 кітап» шарасының орны бөлек.

Әрине, 100 кітап – шартты меже. Студент жан дүние байлығын түзетін көркем шығармамен ұдайы байланыста болсын деген жақсы тілектен туған осы жоба бойынша әлемдік классика, отандық қаламгерлер шығармаларын үзбей оқып келеміз.

Орта мектепте үзінділерін ғана оқып шыққан Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын асықпай оқып бітірдім

Абай – орталық тұлға. Оның айнала ортасы – халық. Шығармада баяндалатын алуан оқиғалар, жазушы айналып соғып суреттеп отыратын Шыңғыстау алқабы, Жидебай, Ақшоқы табиғаты, дара бітімдерімен көкейіме орныққан ел адамдары менің өміртанымыма бетбұрыс әкелді деп ойлаймын.

Роман-эпопеяда бір сәттік қалпында көрінетін кейіпкерлердің өзі дара сипаттарымен есте қалып отырады. Бөжейге бата жасай барғанда Құнанбай жоқтау айтуына разы болған Сара апаң – қазақтың үлкендік институтының дара өкілінің бірі. Иса қойшы тағдыры сол дәуірдегі халықтың тұрмыс-күйінің көңілсіз көріністерінен хабар береді.

Роман-эпопеяны оқып шыққан соң, осы туынды туралы әдебиет сыншыларының ой-пікірлерімен таныстым. Меніңше, кеңестік кезеңде бұл шығарманың көл-көсір көркемдік өрісі жан-жақты бағаланып, танылған. Соның өзінде «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы әлі де тың зерттеулер қажет деп ойлаймын.

Еркежан МӘДІБАЕВА,
есеп және аудит кафедрасының
4-курс студенті

Ғылыми кеңесте университетіміздің кәсіби бағдар беру жұмысының барысы талқыланды

ҚазҰУ-ға – 80 жыл

Иә, еңсесі биік, тегеуріні мықты әлемдік деңгейдегі білім ордаларының бірінен саналатын қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тамыры тереңде, тарихы бай. «ҚазҰУ – қазыналы білім ордасы» деп атауымыздың өзі бекер емес. Өйткені дана халқымыз данышпан қарияны «қазынаға» теңейді, осы тұрғыда шежірелі шаңырағымызда қаншама сан мыңдаған ұрпақ тәрбиеленді десеңізші...

Өткен ғасыр еншісінде біртуар ақтар, Мырзатай сынды дара тұлғалар қолтаңбасын қалдырған қазыналы білім ошағында есімдері алтын әріппен жазылар Салық Зиманов, Ғайрат Сапарғалиев сынды ғұлама академиктер, көрнекті ғалымдар да жетерлік. Олардың қатарында, бүгінгі күнде күллі қазақ заң ғылымында еселі еңбек атқарып келе жатқан академик Сұлтан Сартайұлы Сартаев, заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Қалымбекқызы Еркінбаеваның ғылым жолындағы даралығын атап өту өте орынды.

Сұлтан Сартайұлы – қазақ заң ғылымының «сұлтаны» деп атасақ та, әсірелік болмас... Мұндай қазыналы қариямыз барда университетіміздің абыройы асқақтай берері де айқын.

Ал ғалым Ләззат Қалымбекқызы ғылым жолына тыңынан, қайталанбас өзіндік ерекше сарынымен келді. Көрнекті ғалым экология, жер, аграрлық құқық саласын дамытуда орасан зор еңбек етіп келеді. Дәл осы орайда, «Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай - ізет» деген халық мақалы ойға оралады. Олай дейтініміз, заң ғылымдарының докторы, профессор Ләззат Қалымбекқызының ғылым жолындағы еңбектері әрдайым зиялы қауым және көпшілік оқырман ортасында жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан да ескеріліп, бірнеше мәрте әр ғалымға тән ғылымға сіңірген еңбегі үшін медаль, марапаттауларымен «үздік ұстаз» атануы. Қасиетті білім ошағы ҚазҰУ – «қара шаңырағымыз» дейтін болсақ, сол «шаңырақтан» түлеп ұшқан ғалым Ләззат Қалымбекқызы еліміздің заң саласының дамуына қосқан зор үлесін, әрине, ғалымның перзенттік парызының өтеуі деп түсінеміз.

Бүгіндері біз төл университетіміз – ҚазҰУ-да ұлағатты ұстазымыз, ғалым Ләззат Қалымбекқызының тағылымы мол дәрістерінен білім нәрінен сусындап өскенімізге қуаныштымыз әрі шексіз алғысымызды білдіреміз. Еліміздің дербес негізде дамуын құқықтық негізде қамтамасыз ете білген Ләззат Қалымбекқызына еңбегі уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз кәміл сенеміз және өзіңіз түлеп ұшқан қасиетті орын, қазақтың қара шаңырағына айналған ұлттық университетіміздің 80 жылдық мерейтойы құтты болсын дегіміз келеді!

А.С. МОЛДАҒАЛИЕВА,
Г.Қ. ШУЛАНБЕКОВА,
кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚАЗҰУ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫНА - 80 ЖЫЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасы өзінің 80 жылдық тарихында 1934 жылы университет құрылуымен қатар істей жасай бастады. Университеті Ғылыми кітапханасы студенттер мен магистранттарға, оқытушы-профессорлар, университеттің басқа да категорияларындағы қызметкерлер құрамына арналған мәдени және рухани орталық болып табылады.

ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасы – бүгінгі таңда Қазақстандағы қоры бай және ең ірі жоғары оқу орындары кітапханаларының бірі. Кітап қорында 3 миллионға жуық басылым сақталған. Ғылыми кітапхана қорында оқулықтар, монографиялар, классикалық көркем әдебиеттер, сирек кітаптар мен XVI-XIX ғасырлардағы қолжазбалар, XIX ғ. араб тіліндегі Құран кітабы, XIX ғ. Библия, А.Байтұрсыновтың Орынборда 1914 жылы басылып шыққан «Қазақша әліппесі», Ф.А.Брокгауздың, И.А.Ефронның «Энциклопедиялық сөздігі» және тағы да басқа басылымдар мен мерзімді басылымдар жинақталған. Ғылыми кітапхана әлемдік негізгі толық мәліметті шетелдік басылымдарға еркін кіруге рұқсаты бар, кітапханалық-библиографиялық процестерді автоматтандыру деңгейі бойынша алдыңғы қатардағы орында, ғаламтор желісінде өзінің электронды каталогын алғашқы орналастырушылардың бірі ретінде Қазақстан Веб-сайтының тарихына енді. Электронды ресурстарға ҚазҰУ-дың жалпы университеттік желісіне қосылған IP адрестері бойынша кіру ұйымдастырылған, кез келген компьютер арқылы қолдана алатын электрондық қорлары бар

2012 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының тарихындағы ең мәнді, маңызды оқиға – Орта Азия ЖОО-ларындағы ең үлкен, әсем салынған зәулім кітапхана ғимаратына көшуі болды. Осы әдемі кітапхана ғимаратының алғашқы кірпішін Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Чехия мемлекетінің президенті Вацлав Клаус қалаған болатын. Қазіргі таңда Ғылыми кітапхананың орны ерекше. Университеттегі барлық іс-шара Ғылыми кітапханасыз, оның кітаптарынсыз өтпейді.

Ш.А. БИГАЛИЕВА,
Ғылыми кітапхананың ғылыми инновациялық және әдістемелік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі

"Көреді сені дала данасындай"

ҚазҰУ өз жұмысын бастаған күннен отандық білім беру мен ғылымның жарқын үлгісі болып келеді. Бүгінгі таңда университетіміз өзінің міндетін білім беру ғана емес, ғылымның жетістіктеріне сүйеніп жаңа білім қорын қалыптастыруда деп біледі. 2005 жылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев алматылық жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесуінде атап көрсеткендей, бүгінгі таңда жоғары оқу орнының басты жұмыс өлшемін өзі дайындап шығарған мамандардың сұранысқа ие болу деңгейі анықтайды. Осыған байланысты элиталық жоғары оқу орны болып табылатын ҚазҰУ-ға қатысты биік межені дүниежүзілік нарыққа бағдар ұстайтын және кадрларды дайындау дәрежесіне тиісті талап қоятын ірі компаниялар белгілейді. Сондықтан да Елбасы ұлттық университеттердің алдына, әсіресе жетекші ЖОО ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттінің алдына мүлде жаңа міндет қойды. Яғни бұл міндеттер мамандарды дайындаудағы халықаралық сапа үдерісіне ауысу, дүниежүзілік білім кеңістігіне терендей ену және қазақстандық дипломдардың мойындалуын қамтамасыз ету, жемқорлықты құрту, халықаралық жоғары оқу орындарының рейтингінсіен лайықты орын алу болып табылады.

Соның ішінде заң факультетінің рөліне тоқталып кеткім келеді. Жалпы мектеп қабырғасында оқып жүргенімде ҚазҰУ-да оқу менің асыл арманым болатын. Өзіміз оқып отырған заң саласы заң шығару, атқару және сот билігін тұтастай қамтитыны белгілі. Өзімді үлкен мінбелерден көру балалық арманым болғандықтан ба заң саласын таңдағанымма еш өкінген жоқпын. Осы ретте құқықтану маған не береді деген заңды сауал туындауы мүмкін. Біріншіден, бұл мен үшін үлкен мәртебе әрі сын. Екіншіден, менің барлық болмыс бітімім, ой-санам әділдікті қалайды. Ал заң дегеніміз – өрмекшінің торы. Үшіншіден, құқықтар мен міндеттерді жай ғана біліп қоймай, одан зерделі ой түйіп, қоғам шығармашылығына айналдырар азамат ретінде күйінде қалыптасу менің басты мақсатым болып табылады. Қорыта келгенде, менің ең үлкен әрі еселі жетістігім – заң саласындағы білікті ғалымдардан дәріс алатыным. Сонымен қатар ар мен дар алдындағы сөзді айтатын да біздің заңгерлер болады деген сенімдемін. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, «ҚазҰУ – бұл Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің іргетасы». Гүлденіп, өркендей бер, білімнің қара шаңырағы ҚазҰУ-ым. Мен әрқашан сенімен біргемін!

Д. ҚҰЛЫНТАЙ,
заң факультетінің 2-курс студенті,
А. ЖАРБОЛОВА,
з.ғ.к., доцент.

БУДУЩЕЕ ЗА СПЕЦИАЛЬНОСТЬЮ АУДИТОР

Аудитор – это специалист, который занимается проверкой финансовой и налоговой отчетности компаний, оценивает финансовою эффективность ее работы и дает руководству рекомендации и консультации по исправлению выявленных ошибок. Профессия аудитор трудоемкая, сложная и в тоже время интересная. Она требует постоянного профессионального развития и владения большим объемом информации. Но вместе с тем эта профессия традиционно одна из самых оплачиваемых и престижных. Аудиторы– ключевые специалисты многочисленных аудиторских фирм, сотрудничающих со всеми более-менее крупными компаниями, предоставляющими ежегодные налоговые и финансовые отчеты госучреждениям. Аудиторы могут получать лицензию и заниматься частной практикой – также достаточно распространенный и востребованный способ работы.

Кроме того, многие компании предпочитают ввести в штат так называемого внутреннего аудитора – специалиста, который проверяет финансовую документацию и все виды отчетности в этой конкретной компании.

К обязанностям аудитора можно отнести следующее: выезд на места, в компанию, где необходимо провести аудиторскую проверку; проверка финансово-хозяйственной деятельности организации; ревизия бухгалтерских документов, книг, отчетности; вынесение заключения, составление отчета о проделанной работе; консультация по вопросам наладки бухгалтерского учета, состояния финансовой и налоговой отчетности.

К достоинством данной работы можно отнести: стабильный спрос на профессиональных аудиторов; высокие зарплаты аудиторов. Аудиторы обычно работают в: аудиторских компаниях; государственных налоговых служб; финансово-экономических подразделений различных компаний. Для молодых специалистов наиболее привлекательными являются следующие компании, являющиеся международными сетями фирм по предоставлению аудиторских и сопутствующих услуг: KPMG; Ernst&Young; PrisewaterhouseCoopers; Delloite.

Работодатели предъявляют следующие требования к аудитору: высшее экономическое образование, знание методологии проведения проверок, международных стандартов деятельности аудитора, знание нормативной базы и принципов налогового, бухгалтерского и управленческого учета, хорошее знание 1С, уверенное владение ПК, опыт работы бухгалтером или аудитором.

Иногда есть также дополнительные требования для соискателей, желающих стать аудитором в той или иной компании: наличие аттестата аудитора, знание английского языка на уровне Upper Intermediate, готовность к командировкам.

Наталия ТОВМА,
доктор (PhD), к.э.н.,
доцент кафедры учет и аудит

Студенты и преподаватели КазНУ приглашаются на III международную конференцию «Инновационные разработки молодых ученых – развитию агропромышленного комплекса», которая пройдет 19 сентября т.г. на базе ГНУ (г. Ставрополь, РФ)

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ ОҚЫТУШЫЛАР ҮЛЕСІ

Кәсіби бағдарлық қызметтің нәтижесі – кез келген жұмыстың негізі. Біздің өмірде неге қол жеткізгіміз келетіні туралы түсініктің өзі адамзаттың арманға жетуіне мүмкіндік береді. Әрине, мамандық таңдағанда маманға тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес, сондай-ақ оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды. Өз мамандығы туралы кәсіби маман ғана жақсы айтып бере алады. Олардың өз мамандықтары туралы қызықты әңгімелері жасөспірімді қызмет саласындағы белгілі бір қызығушылықты дамытудың себепкері болуы мүмкін.

Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту мақсатында, Алматы облысының Білім басқармасының келісімімен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы: биология ғылымдарының кандидаттары – З.А. Асқарова, С.С. Көбегенова, К.С. Көшкімбаев, Н.Ж. Өмірбекова, Т.Ж. Мұкашева, М.С. Күлбаева, Ж.К. Жүнісбаева, М.А. Суворова, А.И. Жүсіпова жақында Қапшағай қаласындағы № 3 орта мектебінде, Жамбыл ауданына қарасты Ұзынағаш қаласындағы С. Бердібаев атындағы жалпы орта мектебінің 10-11 бітіруші сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында оқытушылар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биыл 80 жылдығы екендігін және оны атап өту мақсатында көптеген іс-шаралар өткізіліп жатқандығына ерекше тоқталып өтті. Сонымен қатар университет және факультет туралы жалпы бейне фильмдер көрсетілді. Оқытушылар кездесуде факультет жайлы, сонымен қатар қандай мамандықтар бойынша кадрлар дайындайтындығын, оқу үдерісі, ғылыми-өндірістік тәжірибелер, олардың өтілетін базалары жайлы толық ақпарат беріп өтті. Оқушылардың университет және факультет туралы, мамандықтар бойынша қойылған сұрақтарына жауап бере отырып, ҚазҰУ бітірушілерінің бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие болатындығы, сонымен қатар білімді де білікті мамандар даярлауда алдыңғы қатарлы университет екендігі жете айтылды.

Ж.К. ЖҮНІСБАЕВА,
молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті, б.ғ.к.

ХРОНОБИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ХРОНОМЕДИЦИНАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хронобилогия және хрономедицина бүгінде өзекті мәселелер қатарында. Сол себепті де биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасына қарасты «Хронобиология және хрономедицина орталығы» осы саладағы өзекті мәселелерді талқылауға ұйытқы болып келеді. Кафедраның ғылыми зерттеу жұмысының бағытында – хронобиология, хрономедицина, биофизика, хронофизиология, акупунктура, иммунология, экологиялық физиология, экологиялық биофизика және иммунофизиология ғылымдары тоғысып, зерттеу нәтижелері биологиялық ырғақты ажырату тетіктерін ашуға мүмкіншілік берді. Адам мен жануарлар организмдерінің функциялық күйін бағалаудың хронофизиологиялық әдістемесін жасауға жол ашылды. Мұның теориялық және практикалық маңызы өте зор. Содан болар, соңғы жылдары биоырғақтың хроноқұрылымдық параметрін ашып көрсетуге және хроноиммундық үрдістерді зерттеуге көп көңіл бөлініп отыр. Орталық Онкология және радиология ғылыми зерттеу институтымен де тығыз байланыста. Елбасының жолдауына сай білім мен ғылым қатар дамуы тиіс. Студенттер, магистранттар мен докторанттар білім алумен қатар, ғылыми жұмыспен айналысуы керек. Аталмыш оқу ордасы жоғарыда айтылған талаптарға сәйкес білім береді. Тіпті білімгерлер үшін бар жағдай жасалуда. Сөзімізге дәлел ретінде биология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасын айтуға болады. Кафедра меңгерушісі С.Т. Төлеуханов басқарып отырған «Хронобиология және хрономедицина» орталығы ғылым дамуына өзіндік үлесін қосуда. Ондағы зертханалар заман талабы тұрғысынан икемделіп, жаңа ғылыми аспаптармен қамтамасыздандырылып жатыр. Осы ретте кафедраның жүргізіп жатқан ұлан-ғайыр іс-шаралары студенттер мен оқытушыларға жаңа жігер беріп, алға басуына толық мүмкіндік тудырып отыр. Демек, кафедра ғалымдары ғылымның дамуына үлкен үлес қосып жатыр деген сөз.

Н.Т. АБЫЛАЙХАНОВА,
биофизика және биомедицина кафедрасы,
б.ғ.к., доцент

«ҚАЗҰУ АЙНАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«Шуақ» оқу-тәжірибелік студенттік жастар журналы мен «Сұңқар» студенттер кәсіподағы университетіміздің 80 жылдық мерейтойына орай «ҚазҰУ айнасы» атты университеттік байқауын ұйымдастырған болатын. Байқау ҚазҰУ айнасы бола алатындай келбетті, көркі, көркем қыз-жігіттерді таныту, таныстыру, ҚазҰУ студентінің келбетін айқындау, оның басылым беттерінде жариялануына жол ашу мақсатында мерейтой құрметіне жүргізілген болатын.

Байқауды ұйымдастырушы «Шуақ» студенттік оқу-тәжірибелік журналының бас редакторы Досжан Балабекұлы, ғылыми жетекшілері баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы Бәтіш Омарова мен фил.ғ.к. Роза Әбдиева, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы және осы кәсіподақ төрайымы Айдана Сыдықова байқауға 60-қа жуық өтініш келіп түскенін жеткізіп, солардың ішінен ең үздіктерін таңдағанын атап айтты. Байқау шарттары бойынша оларға оқуда озат, қоғамдық жұмыста белсенді, көркі, келбеті, камера алдында өзін-өзі ұстай алуы, фотосессияға уақытылы келуі, киіну мәдениеті мен сымбаты барынша ескерілді. Өйткені мұның барлығы тек үздіктердің анықталып, газет-журнал бетінде ҚазҰУ-дың имидждік әлеуетін одан әрі көтеруге бағытталған жаңаша бастама болды.

Естеріңізге сала кетсек, байқаудың кастингі ақпан айының жиырмасыншы жұлдызынан жиырма сегізінші жұлдызына дейін «Сұңқар» студенттер кәсіподағының офисінде жүргізілген болатын. Ал, кастингке келіп түскен алпысқа жуық өтініштен тек жиырмасы фотосессияға қатысуға жолдама алған болатын.

Екі бірдей сыннан сүрінбей өткен 3 жұп бірінші рет өткізіліп отырған «Шуақ» журналының «ҚазҰУ айнасы» байқауының жеңімпаздары атанып отыр. Сонымен қазылар алқасының шешімі бойынша байқаудың үшінші орынын биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Бек Абделиев пен тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті Гүлмаржан Кәдіралиева, ал екінші орынын физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті Бақытжан Рахат пен осы факультеттің 3-курс студенті Таңшолпан Әріпбаева жеңіп алды. Ал, барлық жағынан ерекше көзге түскен философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Ақтөре Талғатұлы мен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Айгүл Мырзатаева жеңістің биік шыңынан көріне білді.

Байқауға қатысып, ықылас-ниет танытқан экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті Гүлнұр Сүлеймен, биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Ботагөз Сатыбалды, механика және математика факультетінің 1-курс студенті Ақниет Төлеген, заң факультетінің 2-курс студенті Жансая Сейітмұрат, тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті Оралбек Ысқақ, химия және химиялық технология факультетінің 1-курс студенті Жолдас Ерасылға 80 жылдық мерейтой қарсаңындағы журналдың арнаулы сертификаттары табысталады.

«ҚазҰУ айнасы» байқауында бірінші, екінші, үшінші орын алған жеңімпаздарға журналистика факультеті баспа ісі және дизайн кафедрасы мен «Сұңқар» студенттері кәсіподағы ұсынған арнаулы дипломдар табысталады. Және «Шуақ» оқу-тәжірибелік студенттік жастар журналынан әрқайсысына жеке бет беріліп отыр.

Баспа ісі және дизайн кафедрасы ұстаздары тарапынан байқау жеңімпаздарына ақшалай және бағалы сыйлықтар табысталады.

Ал бірінші орынның төрінен көрінген жеңімпаздарға байқаудың бас серіктес демеушісі «Сұңқар» студенттер кәсіподағы ұсынған «Ыстықкөл» демалыс кешеніне жолдама берілді. Жеңімпаздарымыз осы сауықтыру-демалу мекенінде жақсы көңіл-күймен тынығып қайтады деген сенімдеміз.

Ақмөлдір ТІЛЕПБЕРГЕН,
баспа ісі және дизайн кафедрасы меңгерушісінің ғылым, инновация және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары

Формирование корпоративной культуры

Каждый год в вуз приходят абитуриенты и формируется новая студенческая группа. Но она сама по себе не формируется, во главу управления студенческой группы назначают куратора-эдвайзера, который имеет воспитательный опыт управления коллективом.

Куратор-эдвайзер формирует группу посредством значимых событий в вузе и кураторских часов. Чтобы формировать грамотно и целенаправленно студенческую группу куратором-эдвайзером разрабатывается воспитательный план на год, который утверждается в начале учебного года старшим куратором-эдвайзером на факультете.

Корпоративная культура студенческой группы формируется через формальные правила, обычаи, традиции, ритуалы, групповые нормы, провозглашенные ценности, климат (взаимодействие друг с другом), формальные ритуалы и празднования, которые привносит куратор-эдвайзер совместно с активом студентов. Организационную культуру формируют посредством ценностей и связных идей, которыми группа руководствуется в процессе своего развития. Процесс формирования культуры является следствием коллективного опыта и коллективного обучения – выражается в системе принятых группой представлений. Механизмы внедрения культурных основ являются ценности и убеждения, структура и устройство группы, ритуалы, истории и официальные заявления – факторы закрепления, которые внедряет куратор-эдвайзер в студенческую группу.

Чтобы группа развивалась и двигалась вперед куратор-эдвайзер должен обладать видением и уметь передавать его другим и развивать в зависимости от происходящих во внешней среде изменений. Куратор-эдвайзер, создающий культуру должен проявлять настойчивость и терпение, но, при этом, как человек, обучающийся должен быть гибким и готовым к изменениям. Поэтому уже четвертый год традиционно в КазНУ им. аль-Фараби школой кураторов-эдвайзеров созданной руководителем профессором А.К. Мынбаевой при кафедре общей и этнической педагогики на факультете философии и политологии зимой и летом проводятся специальные обучающие тренинги для всех желающих педагогов, где передается инновационный воспитательный опыт по формированию и сплочению студенческой группы в вузе. Также раз в неделю проводятся консультации, где молодой куратор-эдвайзер может проконсультироваться по любым вопросам в области организации воспитательного процесса в вузе.

Таким образом, обогащение инновационными воспитательными знаниями в вузе на обучающих тренингах школы куратора-эдвайзера помогает кураторам компетентно и целенаправленно формировать студенческую группу и с каждым годом обогащать свой багаж в учебно-воспитательном процессе в вузе.

З.М. САДВАКАСОВА, З.Б. МАДАЛИЕВА,
преподаватели кафедры общей и этнической педагогики

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30,247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 728

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.